

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БІЛІМ САПАСЫНЫҢ ӨСУІНЕ ЫҚПАЛ ЕТЕДІ

Қайырбек Тұрар Болатбекұлы
Жамантаева Сауле Габделмаликовна
Ибраева Гульжаухар Бахитовна
Медебаева Динара Миндаловна
Б.Момышұлы атындағы №5 орта мектебінің

Аннотация

XXI ғасыр – ғылым ғасыры. Мақсатты білім беру – тұлға дамуын жүзеге асыратын мәселе. Ал осы жалпыеуропалық стандартқа сай жаңа білім беру - жеке тұлғаның жан-жақты дамуына әкелетін бірден-бір жол. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауында еліміздің дамуының барлық стратегиялық бағыттарын жүзеге асыратын міндеттер қойды. Соның ішінде атап айтсақ, білім саласындағы елеулі өзгерістерге тоқталды.

Аннотация

XXI век – век науки. Целевые образования – проблема осуществляющие развития личности. Образования по общеевропейском стандартам – путь к разносторонне развивающей личности. В послании президента Н. Назарбаева от 10 января 2018 года «новые возможности развития в условиях Четвертой промышленной революции» стратегических направлений развития страны поставил задачи, осуществляющим все сферы. В том числе, в частности, отметил, что существенные изменения ожидают в сфере образования.

Abstract

XXI century is the age of science. Targeted education - the problem of developing personality. Education on European standards - the path to a diversified personality. In the message of President N. Nazarbayev of January 10, 2018, "the new opportunities for development in the conditions of the Fourth Industrial Revolution" of the strategic directions of the country's development set tasks that carry out all spheres. In particular, he noted that significant changes are expected in the sphere of education.

Түйінді сөздер: білім, бағдарлама, жолдау, тұлға, мәселе

Ключевые слова: образование, программа, послание, личность, проблема

Keywords: education, program, message, personality, problem

Бүгінгі таңда елімізде білім беру мазмұны жаңа бағытқа бет бұрды. Елбасы Н.Назарбаев өз сөзінде: «Біз қазір «білім-ғылым-инновация» атты үштік үстемдік құратын постиндустриялық әлемге қарай бағыт алып барамыз», - деген болатын. Ендеше, еліміздің әлемдік үрдістерге енуі білім беру жүйесінің жаңа сапалық деңгейге өту қажеттілігін арттыруда екені түсінікті.

Мемлекет болашағының кепілі - жастарға білім мен тәрбие беру мәселесінен өткір мәселе жоқ екені белгілі. Қазақтың кемел талантты ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек», - деген. Расында да, қазіргі таңда еліміздің болашағын нығайту тек жастардың қолында екені мәлім. Ал, біздің, ұстаздардың мақсаты – жастарға сапалы білім беру.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауында еліміздің дамуының барлық стратегиялық бағыттарын жүзеге асыратын міндеттер қойды. Соның ішінде атап айтсақ, білім саласындағы елеулі өзгерістерге тоқталды. Республика болашағына бағдар беретін бұл жолдауда «Орта білім беру саласында жаңартылған мазмұнға көшу басталды, ол 2021 жылы аяқталатын болады. Бұл – мүлде жаңа бағдарламалар, оқулықтар, стандарттар және кадрлар. »- деген. 2017-2018 оқу жылынан бастап Республикадағы орта білім беретін мекемелер жаңартылған оқу бағдарламасына ауыса бастады. Әрине, алғашында бұл үрдіс көптеген ұстаздардың үрейін тудырды. Бірақ, уақыт өте келе, осы бағыттың дұрыс екеніне көз жеткіздік.

Себебі, жаңартылған оқу бағдарламасының мақсаты – жан-жақты дамыған, білімді де білікті тұлға тәрбиелеу болып табылады.

XXI ғасыр – ғылым ғасыры. Мақсатты білім беру – тұлға дамуын жүзеге асыратын мәселе. Ал осы жалпыеуропалық стандартқа сай жаңа білім беру - жеке тұлғаның жан-жақты дамуына әкелетін бірден-бір жол!

Ал, дамудың негізі білім мен ғылымға келіп тіреледі. Сондықтан да, әлемдегі дамыған елдер сияқты тәуелсіз елімізде білім жүйесі сапасын жетілдіру ең негізгі өзекті мәселелердің бірі болып отырғаны белгілі. Осыған орай, білім беру жүйесінде жастарға сапалы білім беріп, олардың үйлесімді дамуы мен тұлға ретінде қалыптасуында ұстаздың кәсіби шеберлік көрсеткіштерінің бірі - жалпы педагогикалық, ғылыми-теориялық, әдістемелік жаңалықтар мен озық тәжірибені жетік меңгерудің маңызы зор.

Инновациялық оқыту нәтижелері оқушының өз бетінше әрекет етуі арқылы білімді меңгеруіне ықпал етуі тиіс. Оқушының ой-өрісін кеңейтіп, дүниетанымдық көзқарастары мен танымдық белсенділігін арттыруда, зерттеушілігі арқылы шығармашылық икемділігін дамытуда, біліктілікке ұмтылуда, яғни тұлғаны жан-жақты дамытуды жүзеге асыруда оқу үдерісіне инновациялық технологияларды енгізу шешуші рөл атқарады, оң нәтиже береді.

Иә, қазіргі таңда еліміздің түкпір-түкпірінде Қазақстан Республикасы орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде бірқатар пәндер бойынша педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстары жүргізілуде.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ең негізгі мақсаты-білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіру болып табылады. Орта білім мазмұнын жаңартудың көптеген компоненттері, соның ішінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы осы мақсатқа бағытталған.

Жаңартылған оқу бағдарламаларының ерекшеліктері 10 бөлімнен тұратын жаңа құрылымы болып табылады:

- 1.Пәннің маңыздылығы;
- 2.Пән бойынша оқу бағдарламасының мақсаты;
- 3.Үштілділік саясатты іске асыру;
- 4.Оқыту үдерісіне ұйымдастыруға қойылатын талаптар;
- 5.Пәнді оқытуда қолданылатын педагогикалық әдіс- тәсілдер;
- 6.Түрлі мәдениет пен көзқарастарға құрмет;
- 7.Ақпараттық- коммуникациялық технологияларды қолдану құзіреттілігі;
- 8.Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту;
- 9.Оқу нәтижелерін бағалау жолдары;
- 10.Оқудың мазмұны, ұйымдастырылуы мен бірізділігі.

Бағдарламаның міндеттері:

1. Пәнбойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымымен, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретімен, мазмұнымен және мақсаттарымен таныстыру;

2. Пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес келетін педагогикалық тәсілдерді түсінуін және қолдана білуін қамтамасыз ету;

3. Пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсатында критериялды бағалау жүйесін түсініп, қолдана білуін қамтамасыз ету;

4. Мұғалімдердің бойында орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті дағдыларды қалыптастыру.

Оқудан күтілетін нәтижелер:

- Мұғалімдер жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымын, ондағы материалдардың күрделілігінің өсу ретін, мазмұнын және мақсаттарын біледі және түсінеді;

- Пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасына сәйкес келетін педагогикалық тәсілдерді, оқу материалдарын қолдана біледі;

- Пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасындағы оқу мақсаттарына қол жеткізу мақсатында критериялды бағалау жүйесін түсінеді және қолдана біледі;

- Мұғалімдердің орта білім мазмұнын жаңарту жағдайында пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті біліктері мен дағдылары қалыптасқан.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша мұғалімдердің біліктілігін арттыру курсынан алған әсерлем өте көп. Ондағы жүргізілген тиімді әдіс-тәсілдер - педагогтардың оқытудың әмбебап үлгісін және тиімді әдістер жүйесін қолданып, оқушыларға тәуелсіз болуға, сыни тұрғыдан ойлауға, оқуға жауапкершілікпен және шығармашылықпен қарауына көмектесетін сыни тұрғыдан ойлауға бағытталған.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы - озық технологиялардың барлық қыр-сырларын білуге жетелейді.

Қазіргі ұстаздар алдындағы міндет: ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес оқушының білімі терең, іскер және ойлауға қабілетті, әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Мұндай талапқа сай қызмет істеу үшін ұстаз үздіксіз ізденісте кәсіби білікті болуы тиіс.

Инновациялық оқыту нәтижелері оқушының өз бетінше әрекет етуі арқылы білімді меңгеруіне ықпал етуі тиіс. Оқушының ой-өрісін кеңейтіп, дүниетанымдық көзқарастары мен танымдық белсенділігін арттыруда, зерттеушілігі арқылы шығармашылық икемділігін дамытуда, біліктілікке ұмтылуда, яғни тұлғаны жан-жақты дамытуды жүзеге асыруда оқу үдерісіне инновациялық технологияларды енгізу шешуші рөл атқарады, оң нәтиже береді.

Иә, қазіргі таңда еліміздің түкпір-түкпірінде Қазақстан Республикасы орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде бірқатар пәндер бойынша педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру курстары жүргізілуде.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ең негізгі мақсаты-білім алушылардың оқу нәтижелерін жетілдіру болып табылады. Орта білім мазмұнын жаңартудың көптеген компоненттері, соның ішінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы осы мақсатқа бағытталған.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы - озық технологиялардың барлық қыр-сырларын білуге жетелейді. Ақын Міржақып Дулатов: «Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт – оқуда. Тендікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниедегі сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарқын жұлдыз – оқу. Надан жұрттың күні – қараң, келешегі — тұман» деген екен. Расында да, қазіргі таңда қай саланы алып қарасақ та, білімді, жан-жақты дамыған үш тілді жетік меңгерген маман қажет. Ал, ондай маман иесі болу үшін тек бір жол ғана бар. Ол – оқу. Жәй ғана оқып қоймай сапалы түрде білім алу болып табылады. Тек сонда ғана Қазақстанда жақсы мамандар жүйесі қалыптасады. Ал, білімнің бастауы мектептен болмақ.

Қорытындылай келе, бұл жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша көкейге түйгеніміз: алдымызға бір мақсат қоя отырып, сол мақсатқа жету жолында шәкірттердің жүрегіне жол тауып, әрекеттендіре білу шеберлігіне жетсек, егемен елдің ұл-қыздары білімді де білікті болып шықпақ. Соның арқасында біз бәсекеге қабілетті, іргесі мықты ел боламыз. Ұстаздықтың ұлы жолында өзіміздің бар күш жігерімізді салып, елімізге пайдамызды тигізіп жатсақ, бұл ғаламда одан артық бақыт жоқ деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ахметкалиева С. «Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер» мақаласы. «Білім айнасы» газеті. 2018 жыл
2. «Жаңартылған бағдарлама – білім берудің жаңа мазмұны» . www.bilim-all.kz . 2018 жыл
3. Жақып Г. «Жаңартылған бағдарлама-білім сапасын арттырудың негізгі кілті». «Білім айнасы» газеті. 2018 жыл
4. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2018 жылғы 10 қаңтар. www.akorda.kz. 2018 жыл

Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН МЕКТЕПТЕ ИНФОРМАТИКА САБАҚТАРЫНДАҒЫ КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ЭЛЕМЕНТТЕРІ

Манасбаев Шотбай Имашевич,
Сатаева Айгерим Жумабаевна
Ы.Алтынсарина атындағы дарынды
балаларға арналған мектеп-интернаты
Қостанай қаласы

Аннотация

Қазақстан Республикасының және оның азаматтарының бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын асыру қолға алынды. Тілдердің үштұғырлығы – бұл елімізді дамытуға бағытталған концепция, әсіресе, көптілді тұлға ретінде қалыптасуда оқытудың, тәрбиелеудің және дамытудың мақсатты бағытталған, ұйымдастырылған, нормаланған – үш бірлікті үрдісі маңызды рөл атқарады. Жобаны асыру аясында мектебіміздегі информатика сабақтарында бағдарламалау элементтерін, жаттығу сипатындағы сапалық және сандық есептер ағылшын және орыс тілдерінде жүргізу мақсаты тұр. Өз тарапынан оқушылар ақпараттықтерминдер сөздігін жүргізуде.

Аннотация

В целях обеспечения конкурентоспособности Республики Казахстан и ее граждан реализовался культурный проект «Триединство языков». Триединство языков – это концепция, направленная на развитие страны, особенно, в формировании полиязычной личности важную роль играет целенаправленный, организованный, нормируемый процесс трех единиц: обучение, воспитание и развитие. В рамках осуществления проекта целью нашей школы является проведение на уроках информатики элементов программирования, качественные и количественные задачи тренировочного характера на английском и русском языках. Со своей стороны, учащиеся ведут словарь информационных терминов.

Abstract

In order to ensure competitiveness of the Republic of Kazakhstan and its citizens, the cultural project "Trinity of Languages" was realized. The tri-unity of languages is a concept aimed at the development of the country, especially in the formation of a multilingual personality, the purposeful, organized, standardized process of three units plays an important role: education, upbringing and development. As part of the project, our school's goal is to conduct programming elements in computer science lessons, qualitative and quantitative training tasks in English and Russian. For their part, the students maintain a dictionary of information terms.

Қазақстан Президенті Н.А.Назарбаев өзінің «Қазақстан–2050» стратегиясында Қазақстанды қуатты да табысты қалыптасқан мемлекет деп атайды. Жаһандық 10 сын-қатер қатарында «тарихи уақыттың жеделдеуі» және адамзат таяп қалған үшінші индустриялық революция аталған. «Біз бұрынғыға қарағанда мүлде өзгеше технологиялық болмыста өмір сүріп жатырмыз». Жолдауда «жедел өзгермелі тарихи жағдайлардағы жаңа Қазақстанның жаңа саяси бағыты» белгіленген. Білікті, функционалды сауатты өскелең ұрпақты қалыптастыруға назар аударылады. «Жаңа